

«Санаториялық үлгідегі Балдырған балалар мекемесі»КММ



«Санаториялық үлгідегі Балдырған балалар мекемесінің тәрбиелеу-білім беру процесінің перспективасы»

Музыка кіші топ

Музыка жетекшісі і: Абдрахманова.Б.К

2022-2023жж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы "Санаториялық үлгідегі балалар мекемесі"

Топ/сынып Кіші « »

Балалардың жасы 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022 ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру; - Бубен, сылдырмақ аспаптарының дыбысталуымен танысу; - Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту; -Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыканы тыңдауда эмоционалды көңіл-күймен қабылдау; -Бубен, сылдырмақ аспабын үнінен тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда педагогтың дауыс ырғағына еліктеу, қосылып ән айту; -Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу; -Барабан аспабымен және дыбысталуымен танысу; -Ән айтуда педагог сөздерінің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту; - Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу; -Барабан аспабы мен сылдырмақ, бубен аспаптарының үнін салыстырып тыңдату, үнінен тану; -Ән айтуда әнді жеке және топпен айтуға үйрену; -Қарапайым би кимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу; -Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу; -Әртүрлі кейіпкерлердің кимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар, қорбандаған қонжықтар).

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда фортепиано аспабының дыбысталуын ажырата білу; -Сырнай аспабымен және дыбысталуымен танысу, аспаптың үнін тану; -Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты кимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау.

Айы	Ұйымдастырылған	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	-----------------	---

	іс-әрекет	
Наурыз	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; -Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау; -Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану; -Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тани білу; -Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, бубен, асатаяқ, сырнай); -Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.
Нормативтік жүктеме		Аптасына 1 сағат Айына 4 сағат Барлығы 36 сағат

«Бекітілді»

Санаториялык үлгідегі

«Балдырған балалар
мекемесі» менгерушісі

Д.С. Жумашова Д.С. Жумашова

номерленген 5 бет